

Колледж тынысы айлық ақпараттық газеті



Қосымша №8 (8) 6 мамыр 2015 жыл, сәрсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтойы аясында 7 – сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күніне орай колледждің I - курс студенттері арасында дене шынықтыру және спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында 07.04.2015ж. дәстүрлі түрде «Спорттық би» жарысы өткізілді. Әр топ біркелкі спорттық үлгідегі киіммен, қазақша әуенге биледі. Жарыстың қорытындысы бойынша: «Бас жүлдеге» 104 топ студенттері ие болды; I орынды – 108 топ, II орынды – 102 топ және 115 топ; III орынды – 101, 106, 107 топтар иеленді.



10.04.2015ж. Үйірме жұмысының экологиялық бағыты бойынша А.Т.Көбегенова, А.К.Темірбаева "Экология және адамзат денсаулығы" атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты студенттердің бойына қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарап, тазалығын сақтауға баулу. Отанына, еліне патриоттық сезім ояту.

Тәрбие



сағатының соңынан жастар арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту мақсатында ТарПИ білімгерлерінің қатысуымен "Бір түп алма ағашы" спектаклі көрсетілді. Режиссері география

11.04.2015ж.

Колледжіміздің директоры С.Қ. Қоңырова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б. Усенов және «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшелері Ұлы Отан соғысының ардагері Кичигина Александра Сергеевнаның үйінде болып, майдан даласындағы ұмытылмас күндерден сыр бөлісіп, колледж тарапынан сый-құрмет көрсетілді



22.04.2015ж.

Жамбыл медициналық колледжінде сайлауға түскен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қолдау мақсатында колледж белсенділерімен митинг өткізілді. Шақырылған қонағымыз «Ақ ниет» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Тараз қаласы әкімдігінің жанындағы Қоғамдық Кеңестің мүшесі Нуралиев Ергеш Балтабайұлы. Жауапты оқытушылар: Иманалиева Г.Ж., Самратбаев Е.К.

